

«Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС
бас директоры А.Б. Бердимуратовтың
2023 жылғы «09» маусымдағы № 2-007
бұйрығымен бекітілген

«Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС-ның «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «кепілдік» сервистік бағдарламасы («Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» сервисінің жалпы шарттары) бойынша шарт жасауға арналған офертасы

Осы Оферта (әрі қарай соған сәйкес сервис көрсету жүзеге асырылатын «Ережелер») «Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС-ның әрекетке қабілетті және қажетті уәкілеттіктерге ие кез келген жеке немесе заңды тұлғаның, көлік құралы иесінің атына «Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС-мен «Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС Ережелерімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген, және шарттың барлық маңызды талаптары мен қызметтер көрсету тәртібін қамтитын абоненттік шарт жасауға ресми ұсынысы болып табылады.

1.1. Осы Ережелермен көзделген мақсатта келесі анықтамалар мен ұғымдар қолданылады:

1-БӨЛІМ. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Компания агенті – Компаниямен Шарт жасау үшін таңдалған жағдайда, потенциалды Клиенттерді (қалауларына қарай) тарту бойынша ресми әрекеттер жасайтын жеке немесе заңды тұлға.

Абоненттік кезең – уақыты Шарт жасалған күннен басталатын 1 (бір) айға тең уақыт аралығы. Оферталар. Абоненттік кезең бірінші Абоненттік кезең басталған сәттен бастап алдыңғы Абоненттік кезеңнің әрекет ету мерзімі біткен күні қолданылған деп саналады. Әрекет ету мерзімі Офертаның 4.2-тармағында келтірілген бірінші Абоненттік кезеңді қоспағанда, алдыңғы Абоненттік кезеңнің соңғы күні келесі Абоненттік кезеңнің бірінші күні де болып табылады. «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасы және «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисі бойынша Абоненттік төлемді бөлу Офертаның 1.1-тармағындағы Офертада ашылып көрсетіледі.

Абоненттік төлем (Төлем) – Тариф Абонентімен «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» бағдарламасы және «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисі бойынша таңдалған құн мөлшерінде Абонентпен енгізілетін ақшалай қаражат. Төлем Абонентпен «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасы бойынша Қызметтер көрсету компаниясынан Абонентке құқықтар мен талаптар ұсынылатын Абоненттік кезеңдер үшін ақы ретінде енгізіледі. Белгілі бір Абоненттік кезең үшін Абоненттік төлем мөлшері «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасы бойынша нақты көрсетілген қызметтер көлеміне тәуелсіз айнымалы шама болып табылады. Абоненттік төлем делдалдық жасау кезінде Оферта акцептін білдірген Абоненттермен шарттар жасалатын Компания Серіктестерінің делдалдық қызметтерінің құнын қамтиды.

Абонент сұрауы – Шартпен көзделген нысанда және тәртіпте жасалған, жұмыс немесе қызмет алуға қажетті барлық ақпаратты қамтитын Шарт талаптарына сәйкес, Абонентпен талап етілген жұмыс немесе қызмет алуға бағытталған Абонент өтініші.

Компания – «Все эвакуаторы Казахстана» ЖШС (мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Бұхар Жырау бульвары, 26/1 «Evolution» БО, 2-қабат, 12-кеңсе, Пошта индексі 050021, БСН: 191040021745, тел.: +7 7273 12 34 48, +7 7172 76 06 16, сайт www.all-evak.kz).

Клиент (Абонент) – «Көлік Құралы Төлқұжатында» (КҚТ) көлік құралының нақты иесі ретінде көрсетілген, көлік құралының иесі болып табылатын, әрекетке қабілетті жеке немесе құқыққа қабілетті заңды тұлға. Осы оферта акцептін жасаған Клиент Шарт тарапына айналады және осындай акцепт сәтінен бастап міндеттеме тарапының барлық құқықтары мен міндеттерін алады. Осы оферта акцептін жасамаған, бірақ Компания немесе Компания Агенті болып табылмайтын тұлғадан Сервис алу құқығын алған Клиент міндеттемеде үшінші тұлға болып табылады және Сертификат берілген сәттен бастап өз пайдасына Компаниядан осы Ережелермен көзделген Компания міндеттемелерінің орындалуын талап ету құқығына ие болады. Мұндай Клиент Компаниямен құқықтық қатынастарда міндеттеме тарапының құқықтарына, атап айтқанда Компания соның негізінде осындай Клиентке қызметтер көрсетуге міндеттелген шартты бұзу немесе өзгерту құқықтарына ие болмайды.

Клиент құжаттары - Клиент Сертификатынан, Жаднамасынан, Өтініштен және осы Офертадан тұратын Клиент құжаттарының жиынтығы.

Оферта – Компанияның «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» сервистік бағдарламасы («Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» сервисінің жалпы шарттары) бойынша шарт жасауға арналған осы офертасы.

Жаднама – Клиентке Сертификатпен бірге берілетін, Сервис туралы, инциденттер (КҚ бұзылуы) орын алған жағдайдағы Клиент әрекеттерінің тәртібі туралы ақпараттан, сондай-ақ Компаниямен өзара іс-қимыл жасау тәсілдері туралы ақпараттан тұратын, қағаз нұсқадағы құжат.

Көлік құралы, әрі қарай мәтін бойынша «КҚ» – Клиентке заңды негізде тиесілі, іштен жанатын қозғалтқышпен және/немесе электр қозғалтқышпен қозғалысқа келтірілетін, жолда адамдарды және/немесе сонда орнатылған жабдықты тасымалдауға арналған, тиісті стандарт талаптарына, техникалық пайдалану ережелеріне, дайындаушы зауыттардың нұсқаулықтарына және басқа да нормативтік-техникалық құжаттамаға, қолданыстағы заңнамаға, осы Ереже шарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының ІІМ органдарында тіркелген Сетификатта келтірілген, Клиентпен Шарт жасау кезінде көрсетілген «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Бағдарламасының қосымша шарттарына сәйкес келетін, осы Ережелермен белгіленген тәртіпте және шарттарда Сервис объектісі болып табылатын механикалық көлік құралы, төмендегілерді қоспағанда:

- мопедтер мен велосипедтер.
- бүйірлік тіркемесі бар автомобильдер.
- үш дөңгелекті механикалық көлік құралдары.
- шығарылған сәтінен бастап отыз жылдан астам уақыт өткен автомобильдер, сондай-ақ жалпы тиражбен жүз данадан кем шығарылған көлік құралдары.
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелмеген автомобильдер (Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда).

Тараптар Сервис объектісі толық массасы 3500 кг-ға дейінгі жеңіл автомобиль ғана бола алады деп келісті.

КҚТ – көлік құралының төлқұжаты, соның ішінде көлік құралының электрондық төлқұжаты (Көлік құралына көлік құралының электрондық төлқұжаты ресімделген жағдайда, мұндай КҚ сипаттамалары белгіленген тәртіпте берілген көлік құралының электрондық төлқұжатынан алынған Үзінді көшірмемен расталады.

Тариф – Компаниямен Абонентке көрсетілетін жұмыстар мен қызметтердің атауы, көлемі және шарттары.

Шарт / Қосылу шарты – Өтінішке қол қою және Шарт құнын төлеу арқылы Офертамен көзделген талаптарда Клиент пен Компания арасында жасалған келісім. Шартты онлайн («Интернет» желісінде) жасау кезінде Тараптар Өтінішке қол қою фактісіне «Интернет» желісі бетіндегі тиісті жолдарға белгілер қою арқылы Шарт талаптарын қабылдауды теңестіруге келісті. Шарт шеңберінде Компания Офертамен белгіленген талаптарда және Клиентпен таңдалған Бағдарламаға сәйкес Сервиске (Клиенттің КҚ-на техникалық қызмет көрсету қызметтері мен жұмыстары көлеміне) қолжетімділікті ұсыну бойынша міндеттемелерді өзіне алады.

Шарт жасау туралы Өтініш, әрі қарай мәтін бойынша «Өтініш» - Шарт жасау туралы немесе Сервиске қосылу туралы Өтініш (Өтініш) – Клиенттің Оферта шарттарын (жария оферта акцепті) қабылдағанын растайтын, КҚ, Клиент, Клиентпен таңдалған Бағдарлама түрі мен құны туралы мәліметтерді қамтитын құжат. Өтініш Клиенттің Компания үшін маңызды болып табылатын міндеттемелері туралы растамаларын да қамтиды.

«Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасы – талаптары Офертада көрсетілген, соның талаптарында Клиент пен Компания арасында Шарт жасалатын, сондай-ақ соның талаптарына сәйкес Компания Клиенттерге қызметтер көрсететін Компания өнімі.

КҚ тексеру актісі, әрі қарай мәтін бойынша «Тексеру актісі» – Компаниялар Клиенттің таңдалған Бағдарламаға сәйкес және Шартпен белгіленген талаптарда қызметтер алу құқығын растайтын, Клиенттің КҚ техникалық жай-күйіне жүргізілген тексеріс нәтижелері бойынша Компания Серікесімен ресімделген құжат.

«Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Бағдарламасы, әрі қарай мәтін бойынша «Бағдарлама» – Компаниямен немесе Компания Серіктестерімен осы Ережелерде және Сертификатта көрсетілген нақты Бағдарламада белгіленген талаптарда Клиентке көрсетілетін Сервис көлемі мен шарттары.

Сервис – дайындаушының КҚ-ға (соның ішінде КҚ дайындаушысының зауыттық кепілдік мерзімі бітіп қойған КҚ-ға да қатысты) зауыттық кепілдік мерзімі біткеннен кейін, таңдалған Бағдарлама шеңберінде және Шартпен белгіленген талаптарда, Дилерлік орталықта - сатушыда Клиенттің КҚ-на техникалық қызмет көрсету және жөндеу, сондай-ақ Компаниямен және (немесе) Компания Серіктесімен жарамсыз деп танылған түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ауыстыру қызметтері мен жұмыстары.

Компания Серіктесі – Компаниямен шарт негізінде Клиенттерге Бағдарлама талаптары бойынша Сервис қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлға. Компания Серіктестеріне Клиент Өтінішінде басым қызмет көрсету орталықтары ретінде көрсетілген тұлғалар да жатады.

Компанияның жауапкершілік лимиті – соның шегінде Компания ТҚКС-да КҚ-ға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізетін сома, соның ішінде Бағдарламаға сәйкес және Офертамен көзделген талаптарда, жұмыс жағдайлары мен көлемі шеңберінде ауыстыру қажет қосалқы бөлшектер мен сұйықтықтардың құны. Компанияның жауапкершілік лимиті Сертификатта көрсетіледі.

Жұмыстарды орындау шарттары – Жұмыстарды орындау шарттары – Шарт бойынша жұмыстарды орындау тәртібін белгілейтін және Офертаның ажырамас қосымшасы (осы Офертаның № 1 қосымшасы) болып табылатын құжат.

ТҚКС – Компаниямен Клиенттің КҚ ақаулығына диагностика жүргізу, техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін белгіленген (авторизацияланған) техникалық қызмет көрсету станциялары. Авторизацияланған ТҚКС-ға Клиент құжаттарында көрсетілетін ТҚКС да жатады.

ТҚК – КҚ дайындаушы зауытпен белгіленген көлемде жүргізілетін, техникалық қызмет көрсету торына (кестесіне) сәйкес, міндетті де, ұсынылған да жұмыстарды, сондай-ақ

Клиенттің КҚ техникалық жай-күйіне сүйене отырып, ТҚКС қызметкерлерімен жасалған, нақты КҚ қатысты ұсынылған барлық жұмыстарды қамтитын, Клиенттің КҚ-на жоспарлы (регламенттік) техникалық қызмет көрсету.

Жөндеу бойынша міндетті төлем – Шартпен Клиенттің нақты Бағдарламада белгіленген мөлшерде Сервис бөлігін өз бетінше төлеу міндетті белгіленетін талап. Егер өзгесі нақты Бағдарламамен көзделмесе және Сертификатта арнайы көрсетілмесе, жөндеу бойынша Міндетті төлем мөлшері Бағдарламаның бүкіл кезеңі ішіндегі Кепілдікті жағдайлар санына байланысты және келесідей анықталады:

- 1-ші Кепілдікті жағдай бойынша – 0 % (жөндеу бойынша Міндетті төлем жоқ);
- 2-ші және 3-ші кепілдікті жағдай орын алған кезде – 2-ші жағдайдан бастап әр Кепілдікті жағдай бойынша Сервистің жалпы құнынан 10% (он пайыз);

КҚ бұзылуы («Кепілдікті жағдай») – егер бұл істен шығу өндірістік ақау салдары болса, Шарттың әрекет ету кезеңінде туындаған, Шартпен және Бағдарламамен көзделген, КҚ жеке тораптарының, агрегаттарының, жүйелерінің, механизмдерінің және/немесе құрылғыларының абайсыз, күтпеген, кенеттен орын алған, жартылай немесе толық істен шығуы/бұзылуы.

Біртіндеп, қалыпты тозу – КҚ уақыты мен жүрілген жолына сызықты тәуелді, бөлшектің тозу немесе қоршаған орта факторларының әдеттегі әсер етуі салдарынан, бөлшек материалының физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруіне байланысты біртіндеп істен шығуы. Тозу деп материалдың бөлінуі немесе қалдық деформациясы түрінде көрініс табатын тозудың кез келген түрінің нәтижесі түсініледі.

Күту немесе суыту кезеңі – «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасына қатысты күнтізбелік күндермен өлшенетін уақыт аралығы. Күту кезеңдері бірінші және екінші болып бөлінеді. **Бірінші күту немесе суыту кезеңі** КҚ-ға дайындаушы зауыт кепілдігінің мерзімі біткен жағдайда, Шарт жасалған сәттен бастап 14-ші (он төртінші) күнтізбелік күні басталады. **Екінші күту немесе суыту кезеңі** бірінші суыту кезеңі біткеннен кейінгі келесі күннен бастап Бірінші суыту кезеңі біткеннен кейінгі 16-шы күнтізбелік күнге дейін созылады. Күту немесе суыту кезеңі ұғымы Шартқа тек «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасының бөлігінде қолданылады.

«Жол басындағы заң қызметтері» сервисі – Офертаның 3-бөліміне сәйкес көрсетілетін қызметтер.

«Жаңа КҚ-ға кепілдік» сертификаты (Сертификат) – қағаз нұсқадағы құжат – Клиент, КҚ туралы мәліметтерді, Бағдарламаның жеке шарттарын, сондай-ақ Сервисті пайдалану бойынша шектеулерді қамтитын «Жаңа КҚ-ға кепілдік» Сервистік бағдарламасының сертификаты. Сертификат Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Тарап - Клиент немесе Компания.

Тараптар - Клиент немесе Компания бірге.

2-БӨЛІМ. ШАРТ МӘНІ

2.1 Осы оферта мәні осы Ережелер мен Бағдарлама талаптарында, Сертификатта көрсетілген көлем мен тәртіпте Компаниямен шарт жасау ұсынысы болып табылады. Клиентке Сервис Компания Серіктестерімен Компания есебінен, Клиентпен таңдалған Бағдарлама шеңберінде өтеу Лимиттері шегінде көрсетіледі. Сервиске қолжетімділік беру құны Клиенттің КҚ сипаттамаларына және таңдалған Бағдарламаға байланысты. Сервиске қолжетімділік беру Клиентпен таңдалған Бағдарламада белгіленген өтеу мерзімі мен Лимиттерінен бөлек, Клиенттің КҚ жүрілген жолына және Клиентке берілген ұсыныстарға да байланысты. Сондай-ақ, сервис шеңберінде Абонентке «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисіне сәйкес, Тарифке енгізілген жұмыстарға (қызметтерге) тапсырыс беру сервисіне қолжетімділік беріледі.

2.2 Тараптар осы Ережелерге сәйкес жасалған Шартты азаматтың заңнама ережелерімен реттелетін, сол бойынша Клиент қандай да бір ерекшеліктер мен ескертпелерсіз осы Ережелерде, Бағдарлама мен Сертификатта баяндалған талаптарға қосылатын қосылу шарты деп таниды.

2.3 Осы оферта акцепті Компанияға Өтініш тиісті түрде ресімделіп, берілген (соның ішінде Компания Агенті арқылы) жағдайда, Абоненттік төлемнің толық төленуі болып табылады. Мұндай акцепт Компанияға Өтініш ресімдеп, берген (соның ішінде Компания Агенті арқылы) және Абоненттік төлемді толық көлемде төлеген тұлға осы оферта шарттарымен танысқан болып саналатынын және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес, осы оферта шарттарына сай, Компаниямен шарттық қатынастарға түскен тұлға ретінде қаралатынын білдіретін толық әрі сөзсіз болып табылады.

2.4 Осы Ережелер негізінде жасалған Шарт талап бойынша орындалатын шарт (абоненттік шарт) болып табылады, соған байланысты тараптардың құқықтық қатынастарына Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері қолданылады. Тараптар абоненттік кезеңді 1 (бір) күнтізбелік ай деп санауға келісті. Мерзімі біткен абоненттік кезеңдерде компания қызметтерін төлеу (Шарттың мерзімі біткен әрекет ету кезеңі үшін абоненттік төлем) Клиентпен тиісті орындау талап етілген-етілмегеніне (Клиент мерзімі біткен абоненттік кезеңдерде қандай да бір қызметтерге тапсырыс берген-бермегеніне) қарамастан, Клиентпен енгізілуі тиіс. Клиент Өтініш беру кезінде Сервиске қолжетімділікті төлейді. Сервиске қолжетімділік Шарт жасалған және Клиентке Сертификат берілген күннен бастап Клиентке берілген болып саналады.

2.5 Осы Ережелермен көзделген Компания қызметтерін алу құқығы Клиентке Компания болып табылмайтын, осындай тұлғаның Компаниямен жасалған шарты негізінде Сервис алу құқығына ие болған, және Клиентке мұндай құқықты Компания атынан бермеу кезінде әрекет ететін тұлғамен берілген жағдайда, Шарттың мұндай офертасы Клиент пен Компанияға тек Сервис ұсыну ұғымдарына, тәртібіне, талаптары мен шектеулеріне қатысты ғана қолданылады; Компаниямен қатынаста мұндай Клиент міндеттемеде үшінші тұлға болып табылады, ал Компания Клиентке қатысты алғанда, Сервис ұсыну міндеті жүктелген үшінші тұлға немесе қосалқы мердігер болып саналады. Мұндай Клиент Компанияға қатысты міндеттемеде тараптар құқықтарына, атап айтқанда, соның негізінде Компания мұндай Клиентке қызметтер көрсетуге міндеттелген шартты бұзу немесе өзгерту құқығына ие емес.

2.6 Оферта Компаниямен Шарт жасаған барлық Клиенттер үшін ортақ сипатқа ие болғандықтан, Шарт бойынша қызмет көрсетудің қосымша талаптары Компания мен Клиент арасында Сертификатта келісілуі мүмкін. Сертификат Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оны толықтырады.

3-БӨЛІМ. «ЖОЛ БАСЫНДАҒЫ ЗАҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ» СЕРВИСІНІҢ ШЕҢБЕРІНДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Осы оферта шеңберінде Клиент келесі қызметтерді алу құқығына ие:

- «Заңгерлік кеңес» қызметі

- «Автомобильмен мәміле жасау кезіндегі заңгерлік кеңес» қызметі

- Қазақстан Республикасы «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңының 15-бабы шеңберіндегі заңгерлік кеңес» қызметі

- «Автомобильді МЖҚҚИ-ге тіркеуде/есепке қоюда заң көмегі» қызметі

3.2 **«Заңгерлік кеңес» қызметі** – Компанияның операторлық қызметі күштерінің Компания дерекқорындағы анықтамалық ақпаратты тәулік бойғы режимде ауызша түрде беруі. Заң көмегі келесі мәселелер бойынша көрсетіледі:

1) ТҚК-дан өту;

2) ААЖМС/каска полистерін ресімдеу;

3) сақтандыру даулары;

4) ЖКО-ға байланысты мәселелер;

5) ЖҚЕ нормаларын, ережелері мен талаптарын түсіндіру мәселелері;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, медициналық куәландырудан өту туралы нұсқаулар;

7) көлік құралымен мәмілелер;

8) КҚ кедендік ресімдеу;

3.3 **«Автомобильмен мәмілелер жасау кезіндегі заңгерлік кеңес» қызметі** –

Компанияның операторлық қызмет күштерінің Автомобильді сатып алу-сату шартын жасауға байланысты мәселелер бойынша ауызша түрде ақпарат беруі: шартты жасау, өзгерту, мерзімінен бұрын бұзу тәртібі; осындай шарттың жеке талаптарын құру ерекшеліктері.

3.4 **Қазақстан Республикасы «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңының 15-бабы шеңберіндегі заңгерлік кеңес» қызметі** Компанияның операторлық қызмет күштерінің Қазақстан Республикасы «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңының 15-бабының ережелерін қолдану мәселесі бойынша, яғни Автомобильде кемшіліктер анықталған жағдайда, Автомобильді сатып алу-сату шартынан бас тарту және сапасыз Автомобильді қайтару ықтималдығы бойынша ақпарат беруін, сондай-ақ Автомобильдің сатып алынған бағасын қайта есептеу кезінде көмек көрсетуді қамтиды.

3.5 **«Автомобильді МЖҚҚИ-ге тіркеудегі/есепке қоюдағы заң көмегі» қызметі** Абонентке Компанияның операторлық қызмет күштерінің Автомобильді Қазақстан Республикасының ПМ органдарында тіркеу/есепке қою ережелері мен ерекшеліктерін ауызша түрде түсіндіруін қамтиды.

3.6 Офертаның 3.3, 3.4, 3.5-тармақшаларында көрсетілген қызметтер Абонентке оның Сұрауы бойынша тек бірінші Абоненттік кезеңнің әрекет ету мерзімі ішінде, яғни Шарт жасалған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде көрсетілуі мүмкін.

3.7 Офертаның 3.2-тармақшасында көрсетілген қызмет Абонентке оның Сұрауы бойынша Шарт жасалған күннен бастап **«Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік»** Бағдарламасы бойынша шарттың әрекет ету мерзімі біткенге дейін көрсетілуі мүмкін.

4-БӨЛІМ. ШАРТ ЖАСАУ, АБОНЕНТТІК ТӨЛЕМДІ БӨЛУ ТӘРТІБІ

4.1 Компаниямен шарт жасау үшін Клиент:

4.1.1 Компания сайтындағы осы Ережелермен танысуы;

4.1.2 Осы Ережелердің 7-бөліміне сәйкес таңдалған Бағдарлама бойынша Өтініш толтыруы, оған қол қоюы және Шартты төлеуі керек.

4.1.3 Шартты төлеу және оған қоса тіркелген Өтінішке қол қою Клиенттің осы офертамен танысу және офертаның барлық талаптарын қабылдау фактісін растайды.

4.1.4 Толтырылған қол қойылған Өтінішті Компанияға беруі керек.

4.1.5 Компания сұрауы бойынша Компанияға КҚ барлық тораптарының, агрегаттарының және жүйелерінің диагностикасы туралы, КҚ техникалық жай-күйі туралы мәліметтерді қамтитын, Шарт жасалған күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен ерте ресімделмеген тапсырыс-өкімдеменің берілуін қамтамасыз етуі керек. Бұл талап Клиент пен Компания арасындағы Шарт Қазақстан Республикасы аумағындағы дилерлік орталықта КҚ сатып алу сәтінде ресімделген жағдайда қолданылады.

4.2 Клиенттің Сервис алу ықтималдығын болдырмайтын жағдайлар:

- - КҚ-ның сәйкестендіру нөмірі (VIN-код) жартылай немесе толығымен жоқ, немесе өзгеріс іздері бар, коррозиямен зақымдалған және т.б.

- - КҚ шығарылған жылы анықталмаған немесе жоқ (КҚТ-да тиісті белгі бар);

- - КҚ бұрын айдап әкетіліп, бұрынғы иесіне қайтарылған; - КҚ тіркеу құжаттарында шанақ VIN және/немесе № өзгергені туралы белгілер (жапсырмалар) бар;

- - КҚ оқу мақсатында қолданылады;

- - Конструкциясында КҚ жеке тораптары мен агрегаттарына немесе жалпы КҚ-ға тікелей немесе жанама әсер ететін өзгерістері бар КҚ;

- - Күштік қондырғысы гибриді КҚ (іштен жанатын қозғалтқыштан, сондай-ақ отын элементтерінен бөлек, кез келген типтегі және конструкциядағы қосымша қозғалтқыштың болуын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей);

- - КҚ құқық қорғау органдарына, газ қызметтеріне, жедел медициналық көмекке және басқа да арнайы қызметтерге тиесілі;

- - Табиғи апаттарға (дауыл, су тасқыны, қар үйіндісі, сел, торнадо, жер сілкінісі) ұшыраған КҚ;

- - КҚ жарыс немесе сынақ көлігі, мұражай экспонаты.

- - КҚ регламенттік ТКҚ-дан өтпеген, немесе КҚ-ға қатысты жүргізілген ТКҚ-да көзделген қызмет көрсету (жұмыстар) жүзеге асырылмаған;

- - Бағдарлама талаптарына сәйкес, жүрілген жол бойынша ең жоғары лимитке жету;

- - Компанияның Клиенттің және/немесе үшінші тұлғалардың айлакерлік әрекеттерін, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, жалған құжаттар беруін немесе көрінеу рас емес мәліметтерді хабарлауын анықтауы.

4.3 Компанияда осы Ережелердің 4.2-тармағында келтірілген жағдайлардың бар екені/орын алғаны туралы мәліметтер болған жағдайда, Компания КҚ-ның осы Ереже критерийлеріне сәйкестігін анықтау мақсатында Клиенттің КҚ тексеру жүргізуін талап етуге құқылы.

КҚ тексеру Компанияның және/немесе Компания Серіктестерінің күшімен, Клиент үшін тегін түрде, Клиентпен келісілген мерзімде және жерде жүргізіледі. Бұл ретте Клиент КҚ-ны тексеруге беруі міндетті ең көп мерзім Компаниядан КҚ-ның критерийлерге сәйкес еместігін көрсететін жағдайлар көрсетілген тиісті хабарлама алынған күннен бастап 30 күнтізбелік күнді құрайды. Бұл ретте тексеру жүргізу орны Клиент тұрақты орналасқан жері бойынша тіркелген елді мекеннің әкімшілік шекарасынан 50 км шегінде болуы тиіс. Тексеру жүргізу орнын Компания келіскен жағдайда ғана 50 км-ден астам қашықтықта белгілеуге болады. КҚ-ға жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша Клиентке КҚ тексеру актісі беріледі, оның көшірмесін Клиент Компанияға КҚ тексеру жүргізу күнінен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

4.4 Егер КҚ тексеру актісі КҚ жай-күйінің Өтініште келтірілген мәліметтерге, және/немесе таңдалған Бағдарламаға сәйкестігін растамаса, Компания

- Клиентпен Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Шарт бұзылған жағдайда, Шарт жасау кезінде Клиентпен төленген ақшалай қаражатты қайтару Агент қызметтерін төлеу шеңберіндегі Компания шығындарын, КҚ-ның 3.2-тармаққа сәйкес талаптарға сәйкессіздігі бойынша мән-жайларды анықтау шығындарын, КҚ тексеру жүргізу шығындарын шегере отырып жүзеге асырылады және ол Шарт жасалған күннен бастап бұзылған күнге дейін, Шарттың әрекет ету мерзіміне пропорционал.

- Шартқа сәйкес, КҚ-ға қойылатын талаптармен КҚ анықталған сәйкессіздіктері Клиентпен жойылған сәтке дейін Шарт әрекетін тоқтата тұруға.

4.5 Егер Клиент КҚ-ны тексеруге беруден бас тартса, Компания Клиент КҚ-ны тексеруге берген сәтке дейін Клиентке қатысты Шарт әрекетін тоқтата тұруға құқылы.

4.6 Егер Клиент КҚ жай-күйінің таңдалған Бағдарламаға сәйкессіздіктерін жою бойынша ұсыныстар келтірілген Тексеру актісін алғаннан кейін 3 (үш) күн ішінде Шарттан бас тартқаны туралы мәлімдемесе, Клиент Тексеру актісіндегі ұсыныстарды орындау міндеттемелерін қабылдаған болып саналады.

4.7 Егер Шарттың әрекет ету кезеңінде КҚ иесінің ауысуы орын алса, Бағдарлама бойынша қызмет көрсетуді жалғастыру үшін КҚ жаңа иесі Клиенттің жазбаша келісімімен:

4.7.1 КҚ иесі ауысқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Клиенттерді қолдау қызметінің телефонына қоңырау шалу арқылы Шартты қайта тіркеуге міндетті: +7 7273 12 34 48, +7 7172 76 06 16 тәулік бойы.

4.8 КҚ жаңа иесіне Шарт жасаған Клиентпен таңдалған Бағдарламаның әрекет ету мерзімі біткенге дейін осы Ережелермен көзделген барлық құқықтар мен міндеттер жүктеледі.

4.9 Компания осы Ережелердің 3.3-3.4-тармақтарында келтірілген тәртіпке сәйкес, КҚ тексеру жүргізуді талап етуге құқылы. КҚ жаңа иесі автомобильді тексеруге беруден бас тартқан жағдайда, Компания Шартты қайта тіркеуден бас тартуға құқылы.

4.10 Клиент Компаниямен көрсетілген уақыт аралығында КҚ-ны тексеруден өту үшін бермеген жағдайда, қайта тағайындалған КҚ тексеру Клиент есебінен жүргізіледі. Бұл жағдайда, Тексеру құны және Тексеру актісін ресімдеу құны 26 000 (жиырма алты мың) теңгені құрайды, ол Клиентпен Компанияның немесе КҚ тексеруді жүргізетін Компания Серіктесінің кассасына немесе есептік шотына төленуі тиіс.

Абоненттік төлем келесідей бөлінеді:

4.11.1 «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасы бойынша – Абоненттік төлем құнынан 50%

4.11.2 «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисі бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша - Абоненттік төлем құнынан 50%.

5-БӨЛІМ. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ

5.1 Клиент пен Компания арасындағы Шарт Клиентпен осы оферта жасалған (Компания өкіліне немесе Компания Агентіне Өтінішке қол қойып, берілген және Шарт бойынша 100% төлем енгізген) күннен бастап күшіне енеді.

5.2 Бағдарлама бойынша Сервис Шарт жасалған күннен бастап 14 күнтізбелік күннен (бірінші Күту кезеңінің бітуі) кейінгі күні Мәскеу уақыты бойынша сағат 00-ден бастап іске қосылады.

5.3 «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисі Шарт жасалған күннен бастап келесі күні сағат 00:01-де көрсетіледі.

6-БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**6.1 Компанияның құқықтары мен міндеттері:**

- Осы Шарттың 4-бөліміне сәйкес, Сервисті белсендіру.
- Бағдарламада көзделген КҚ торабы немесе бөлшектері бұзылып, Клиент Сервиске жүгінген жағдайда, Клиентке Сертификатта келтірілген күн мен Серіктестің мекенжайын көрсете отырып, жолдама беру, осы Ережелерге, Сервис шеңберінде жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес, аталған мекенжай бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру.
- Осы Ережелермен белгіленген шарттарға сәйкес, Компания Серіктесімен Сервис шеңберінде жұмыстардың орындалу сапасын бақылауды жүзеге асыру.
- Клиенттің пікірінше, Шарт бойынша жұмыстар Компания серіктесімен сапасыз орындалған жағдайда, Клиентке Компания Серіктесімен келіссөздер мен өзара іс-қимылдарда қолдау көрсету.
- Клиенттің және/немесе үшінші тұлғалардың Компанияға қатысты айлакерлік немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттеріне күмән болған жағдайда, Клиентпен таңдалған Бағдарламада көрсетілген КҚ бөлшектерін қорғанысты таңбалауды жүзеге асыру.
- Шарттың 3.2-тармағында келтірілген мән-жайлар анықталған жағдайда, Клиенттен КҚ-ны тексеруге беруін сұрау және Тексеру актісін жасау арқылы Клиенттің КҚ тексеруді ұйымдастыру.
- Тексеру актісінде ұсыныстарды көрсету және тексеру жүргізу сәтіндегі КҚ нақты жай-күйіне сүйене отырып, Клиентпен жасалған Шартқа қосымша талаптар белгілеу.

6.2 Клиенттің құқықтары мен міндеттері:

- Шарт жасалған күні осы Ереже талаптарымен танысу, сондай-ақ Компания сайтында Ережелердегі өзгерістерді қадағалау.
- Бағдарлама таңдау.
- Компанияға таңдалған Бағдарламаға сәйкес Шарт құнын төлеу (Компаниямен Шарт жасалған жағдайда).
- Өтініш толтыру және қол қою (Компаниямен Шарт жасалған жағдайда).
- Офертаның 4.2.1-4.2.5-тармақтарында көрсетілген қызметке Сұрау салу.
- Компанияның және Компания Серіктестерінің Тексеру актісінде келтірілген ұсыныстарын, сондай-ақ регламенттік ТҚК-дан өту кезінде алынған ұсыныстарды орындау.
- Тұрақты түрде, белгіленген мерзімді регламенттік ТҚК-дан өту.
- КҚ-ны дайындаушы зауытпен көзделген КҚ пайдалану режимдері мен баптауларына сәйкес қолдану.
- Компанияны КҚ иесі ауысқаны туралы хабардар ету.
- Өтінішті, Тексеру актісін және ТҚКС-дан КҚ-ны жөндеуге және тұрақты қызмет көрсетуге байланысты алынған құжаттаманы сақтап қою және Компания талабы бойынша беру.
- Осы Шарт талаптарына және орын алған жағдайларға, Шарт бойынша жұмыстардың орындалу мерзімі мен техникалық ерекшеліктеріне байланысты түсіндірмелерді алу үшін Компанияға жүгіну.
- Осындай міндет Бағдарлама шарттарына сәйкес туындайтын жөндеу бойынша Міндетті төлемді төлеу.
- Өтінішке қол қою және/немесе Шарт құнын төлеу арқылы Клиент Шарт жасалған сәтте 3.2-тармақта баяндалған міндеттемелер/талаптар жоқ екенін растайды. Шарт жасалғаннан кейін 3.2-тармақта келтірілген талаптар Компанияға белгілі болған жағдайда, Компания Шартты жарамсыз деп тануды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, сондай-ақ осы Ережелермен көзделген салдарларды қолдануды талап етуге, немесе Компанияның қарауы бойынша, Шарттың/«Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» бағдарламасының жалпы әрекет ету мерзімін тиісті түрде ұзартпай, тиісті міндеттемелер тоқтағанға дейін Сервис ұсыну бойынша міндеттемелерін орындауды тоқтата тұруға құқылы.

- КҚ бұзылған жағдайда, егер бұзылу жасалған Шарт шеңберінде Бағдарлама шарттарына сәйкес келсе, Компанияға оларды жою жұмыстарын жүргізу үшін өтініш беру.

- Жөндеуге жолдама алу.

6.3 Шарт жасау кезінде Клиент Компанияға келесі растамаларды береді және:

- КҚ-ны дайындаушы зауыт нұсқауларына және қолданыстағы жол қозғалысы ережелеріне толық сәйкестікте пайдалануға;

- КҚ электрондық блоктарының жұмысына араласпауға, соның ішінде қозғалтқышпен басқаруға арналған электрондық блоктың (чип-тюнинг) бағдарламалық жасақтамасын өзгертпеуге;

- әр 15 000 км жүрген сайын ресми сервистік орталықта КҚ-ға әр жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өтуге;

- Компания талабы бойынша КҚ жөндеулер, жоспарлы қызмет көрсету жүргізуге барлық тапсырыс-өкімдемелерді беруге, осындай құжаттардың сақталуын немесе оларды қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

- дайындаушы зауыттың қайтарып алынатын компаниялары бойынша барлық ұсыныстарды сақтауға;

- техникалық қызмет көрсету (жоспарлы немесе жоспардан тыс) шеңберінде мамандандырылған сервиске келу барысында алынған барлық ұсыныстарды сақтауға және Шарт бойынша жүгінерден бұрын техникалық қызмет көрсету барысында анықталған кез келген ақаулықтарды түзетуге міндеттеледі;

- Шарт жасалған күннен бастап 10 күн ішінде (егер Тапсырыс-өкімдеме ретінде оның ауыстырылғаны расталмаса) немесе қозғалтқыш майын ауыстырылған сәттен КҚ сатып алынған сәтке дейін 3 (үш) айдан көп уақыт және (немесе) 5 000 (бес мың) жүрілген километр) өткен жағдайда Клиент КҚ-дағы мотор майы мен май сүзгісін ауыстыруға міндеттеледі. Аталған міндеттеме шарт жасау сәтінде дайындаушы зауыт кепілдігінің мерзімі біткен КҚ-ға ғана қолданылады.

- кепілдікті жағдай бойынша бірінші жүгінуге 1 000 км жүргеннен кейін немесе Автомобиль сатып алынған сәттен бастап 14 күндік мерзім біткеннен кейін жол беріледі, осы жағдайлардың қайсысы ертерек болатынына қарай. Бұл ереже шарт жасау сәтінде дайындаушы зауыт кепілдігінің мерзімі біткен КҚ-ға қолданылады.

6.4 Клиентпен Шарттың 5.3-тармағында келтірілген кепілдіктер мен міндеттемелердің сақталмауы Компанияның Шарт бойынша кепілдікті қызметті жүзеге асыруына негіз болады.

7-БӨЛІМ. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

7.1 Осы Шарттың «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» бағдарламасына қатысты әрекет ету мерзімі Клиентпен таңдалған Бағдарламаның әрекет ету мерзімімен және Өтініште көрсетілген мерзіммен белгіленеді. Бағдарламаның (сертификаттың) әрекет ету мерзімінің бітуі Шарт әрекетін тоқтатады және тараптардың шарт бойынша міндеттемелерінің, сондай-ақ Компанияның Шарт тарапы болып табылмайтын Клиент алдындағы міндеттемелерінің тоқтауына алып келеді.

Шарт келесі оқиғалардың бірі орын алған жағдайда да өз әрекетін тоқтатады (тараптардың шарт бойынша міндеттемелерін, сондай-ақ Компанияның Шарт тарапы болып табылмайтын Клиент алдындағы міндеттемелерін тоқтата отырып):

- Клиентпен таңдалған Бағдарламада көрсетілген КҚ жүрілген жолының ең жоғары рұқсат етілген көрсеткіші асып кеткен жағдайда. КҚ әрекет ету мерзімі мен жүрілген жолын есептеу Өтініште келтірілген мәліметтерге сүйене отырып жүзеге асырылады.
- Компаниямен орындалып, төленген барлық жұмыстардың жалпы құны, жалпы алғанда, Бағдарламаның бүкіл әрекет ету кезеңінде Клиентпен таңдалған Бағдарламада көрсетілген, белгіленген Өтеу лимитіне жеткен жағдайда.

7.2 «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисі бойынша әрекет ету мерзімі Шарт жасалған күннен басталады және «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Бағдарламасының әрекет ету мерзімінің соңына дейін жалғасады.

8-БӨЛІМ. ШАРТ БОЙЫНША ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Ережелердің 2.5-тармағында келтірілген жағдайларды қоспағанда, Компаниямен Шарт жасаған Клиент өзі таңдаған Бағдарлама шарттарында Шарт құнын бірден Компанияның немесе Компания Агентінің кассасына немесе есептік шотына төлейді. Шарт бағасы Клиенттің КҚ сипаттамаларына және/немесе таңдалған Бағдарлама түріне байланысты және Өтініште көрсетіледі.

8.2 Жөндеу әсерлерінің, қосалқы бөлшектердің, материалдардың (соның ішінде шығыс және қосалқы), сұйықтықтардың және бөлшектердің жалпы құны Шарттың бүкіл әрекет ету кезеңінде Клиентпен таңдалған Бағдарламада көрсетілген Өтеу лимитінен асып кеткен жағдайда, асып кету сомасы Клиенттің өзімен ҚҚС кассасына немесе есептік шотына, өз қаражаты есебінен төленеді.

8.3 Жөндеу әсерлерінің, қосалқы бөлшектердің, материалдардың (соның ішінде шығыс және қосалқы), сұйықтықтардың және бөлшектердің бір жүгінген кездегі Өтеу лимитінен асатын құны Клиенттің өзімен ТҚҚС кассасына немесе есептік шотына, өз қаражаты есебінен төленеді.

8.4 Жөндеу бойынша Міндетті төлем сомасы Клиент жөндеуге жүгінген кезде, Бағдарлама шарттары бойынша Клиенттің жөндеу бойынша Міндетті төлемді жүзеге асыру міндеті көзделген жағдайда Клиенттің өзімен Компанияның есептік шотына төленеді.

8.5 Компаниямен Клиенттен Шарт бағасын төлеу есебінен алынған ақшалай қаражат, КҚ Шартқа немесе таңдалған Бағдарлама критерийлеріне сәйкес келмеуі себебінен Шарт бұзылған жағдайда және салдарынан Компания Шарттан бас тартқан жағдайда, Компания шығындарын, соның ішінде Агент қызметтерін немесе Шарт жасау және орындау үшін Агентпен тартылған шінші тұлғалардың қызметтерін төлеу шығындарын шегере отырып, Клиентке қайтарылуы тиіс.

9-бөлім. ШАРТТЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Егер Абонентпен Шартты біржақты тәртіпте бұзу туралы мәлімделсе, онда:

9.1.2. «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасы бойынша ақшалай қаражат келесі тәртіпте қайтарылады.

9.1.2.1 Егер Клиент Бірінші күту кезеңінде жүгінсе, онда 4.11.1-тармақшаға сәйкес белгіленетін «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасының толық құны қайтарылуы тиіс. Оферталар.

9.1.2.2 Егер Клиент Екінші күту кезеңінде жүгінсе, онда Офертаның 4.11.1-тармақшасына сәйкес белгіленетін «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасының құнынан 50% қайтарылуы тиіс.

9.1.2.3 Егер Клиент Екінші күту кезеңі біткеннен кейін жүгінсе, онда Офертаның 4.11.1-тармақшасына сәйкес белгіленетін «Жаңа КҚ-ға кепілдік» және «Автомобильге кепілдік» Сервистік бағдарламасының құнынан 25% қайтарылуы тиіс.

9.2 «Жол басындағы заң қызметтері» Сервиси бойынша ақшалай қаражат келесі тәртіпте қайтарылады:

1) Бірінші Абоненттік кезеңде Абонентке Офертаның 3.3, 3.4, 3.5-тармақтарында көрсетілген және кейін көрсетілмейтін қызметтер қолжетімді болуына байланысты, Абонентке «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисінің құнынан 30% мөлшердегі сома қайтарылмайды, себебі Тараптар бірінші абоненттік кезеңді «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисінің құнынан 30%-ға тең деп санайды.

2) Бірінші Абоненттік кезеңді қоспағанда, Абоненттік кезеңдердің жиынтық құны «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисінің құнынан 70%-ды құрайды. Абонентпен екінші және одан кейінгі Абоненттік кезеңдерде Шартты бұзу туралы мәлімделген жағдайда, келесі формулаға сәйкес есептелген сома қайтарылуы тиіс:

$$Sp = \frac{(Sk * 0,7) * Mo}{Mv - 1}$$

мұндағы:

Sp – қолданылмаған Абоненттік кезеңдердің құны;
Sk – «Жол басындағы заң қызметтері» Сервисінің құны;
Mv – Офертаның 5.1-тармағына сәйкес, Шарттың әрекет ету мерзімі;
1 – бірінші Абоненттік кезең. Көрсеткіш әрдайым 1-ге тең;
Mo – қолданылмаған Абоненттік кезеңдердің саны.

10-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1 Клиент пен Компания осы Шарт бойынша туындаған келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы реттеу үшін қажетті шараларды қабылдайды.

10.2 30 (отыз) күн ішінде Клиент пен Компания шағымдар бойынша келісімге қол жеткізбеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешілуі тиіс.

10.3 Шарт шеңберінде заңды маңызы бар хабарламаларды жолдаудың тиісті тәсілі Тараптардың бір-біріне Тараптардың мекенжайларын көрсете отырып, тіркелетін тапсырысты пошта жөнелтімдерін жіберуі болып танылады (Компания мекенжайы ЗТБМТ-дағы деректерге сәйкес орналасқан мекенжайы болып саналады). Бір Тараппен екінші Тарапқа жолданатын талапқа (шағымға) тиісті Тараппен немесе Тараппен уәкілеттік берілген үшінші тұлғамен қол қойылуы тиіс.

Заңды маңызы бар хабарламалармен, соның ішінде дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінде жолданатын шағым-талаптармен электрондық байланыс арналары, сондай-ақ телефон байланысы арқылы алмасуға жол берілмейді.

10.4 Егер Компанияның кінәлі әрекеттерінен туындамаса, Компания Клиентке моральдық зиян, ұтылған пайда, тоқтап қалу, табыстан айрылу және басқа да жанама және коммерциялық шығындар, Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың шығындары мен зияндары үшін жауап бермейді.

10.5 Өтінішке қол қою арқылы Клиент осы тармақта келтірілген Компаниямен қойылған қолдың факсимильді көрсетілген нұсқасын қолдану туралы келісімге қосылады және осындай қол қойылған құжаттардың заңды күшін белгіленген тәртіпте қол қойылған және баспа-таңбамен куәландырылған қағаз нұсқадағы құжаттардың заңды күшіне тең деп таниды.

11-БӨЛІМ. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

11.1 Компаниямен осы Шартты жасай отырып, және/немесе міндеттемеде үшінші тұлғаның уәкілеттіктерін жүзеге асыра отырып (соның ішінде Сертификатты қабылдай отырып), Клиент Компанияға және Компания серіктестеріне өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімін білдіреді және рұқсат етеді, және/немесе Компанияға Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңын орындау үшін өз өкілдерінің дербес деректерін өңдеуді тапсырады, соның ішінде:

- тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, мекенжайы, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы;
- көлік құралының маркасы, мемлекеттік тіркеу белісі және өзге де сәйкестендіргіштері.

11.2 Клиент 9.1-тармақта келтірілген тұлғаларға дербес деректерін өңдеуге келісімін береді (өз өкілдерінің келісуін қамтамасыз етеді), соның ішінде, бірақ онымен шектелмей дербес деректерді:

11.3 жүйелендіруге, жинауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), дара биліктен айыруға, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында беруге, бұғаттауға, жоюға, сондай-ақ әрі қарай өңдеу мақсатында оларды Компания Агенттері мен Серіктестеріне беруге (жинауды, жүйелендіруді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңарту, өзгерту) қоса алғанда), пайдалануға, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында беруге, дербес деректерді дара биліктен айыруға, бұғаттауға, жоюға.

11.4 Аталған дербес деректер Сервис көрсету үшін, қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған зерттеулер жүргізу үшін, маркетингтік бағдарламалар, статистикалық зерттеулер жүргізу үшін, сондай-ақ әртүрлі байланыс құралдары арқылы, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, пошта жөнелтімі, электрондық пошта, телефон, факсимильді байланыс, Интернет желісі арқылы Клиентпен тікелей байланыстарды жүзеге асыра отырып, қызметтерді нарықта жылжыту үшін қолданылады. Клиент Компанияға, Компания Агенттері мен Серіктестеріне Клиенттің дербес деректерін дерекқорларды басқаруға арналған автоматтандырылған жүйелер көмегімен, сондай-ақ Компания тапсырмасы бойынша арнайы әзірленген өзге де бағдарламалық құралдар көмегімен өңдеуге өз келісімін береді және рұқсат етеді. Қолданылатын өңдеу тәсілдері мыналарды да қамтиды: пошта кодтарын кодтар қорымен автоматты түрде салыстыру, көше/елді мекен атауларының жазылуын автоматты түрде тексеру, Автомобильдің VIN-і мен мемлекеттік тіркеу белгілерінің дұрыстығын автоматты түрде тексеру, Клиентпен телефон, пошта байланысы немесе Интернет желісі арқылы деректерді нақтылау, қорды берілген критерийлер бойынша сегменттеу. Егер бұл осы Шартта келтірілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажет болса, Клиент өзінің дербес деректері үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін екенімен келіседі, оларға Компания Қазақстан Республикасының осындай үшінші тұлғалардың дербес деректердің құпиялылығын және өңдеу кезінде қауіпсіздігін сақтауын қамтамасыз ету туралы талаптарын сақтау шартымен, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңын, заңға тәуелді актілерді, Қазақстан Республикасының басқа, дербес деректерді өңдеу жағдайлары мен ерекшеліктерін белгілейтін басқа Заңдарын басшылыққа ала отырып, жетекші әдістемелік құжаттарды басшылыққа ала отырып, осындай тұлғалармен жасалған шарт негізінде Клиенттің дербес деректерін өңдеуді тапсыра алады. Клиенттің аталған деректерін беру кезінде Компания Клиенттің дербес деректерін алатын тұлғаларға бұл деректердің құпия екенін және тек өздері хабарлаған мақсатта қолдануға болатынын ескертеді және осы тұлғалардан осы ережелердің сақталуын талап етеді. Клиент Компаниядан өзінің дербес деректері, олардың өңделуі мен қолданылуы туралы толық ақпаратты сұрауға, сондай-ақ Компания атына заңды мекенжайына тиісті жазбаша сұрау жіберу арқылы қате немесе толық емес дербес деректерін алып тастауын немесе түзетуін/толықтыруын талап етуге құқылы. Клиенттің дербес деректерін өңдеуге берілген келісімі мерзімсіз болып табылады және Клиент оны Компания атына тиісті жазбаша өтініш жіберу арқылы қайтарып ала алады.

Техникалық қызмет көрсету шеңберінде
жұмыстарды орындау ТАЛАПТАРЫ

1. КҚ-ға қызмет көрсетудің және пайдаланудың техникалық регламенті

1.1 Компанияның міндетті талабы Клиенттің КҚ зауыттық кепілдікте тұрған жағдайда, Компаниямен және (немесе) дайындаушы зауытпен белгіленген жоспарлы ТҚК кестесін сақтауы, және қосымша жұмыстар бойынша барлық қажетті ұсыныстарды орындауы болып табылады. Міндетті болып осы Ережелерде көрсетілген кесте бойынша КҚ мотор майы мен қозғалтқыш сүзгісін ауыстыру процедурасы табылады: егер өзгесі Тексеру актісінде атап өтілмесе, ТҚК1 өту - КҚ сатып алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, және ТҚК2 - 10000 (он мың) километрден кейін, бірақ КҚ сатып алған сәттен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей.

1.2 Егер Клиентпен Шарт жасау сәтінде КҚ дайындаушы зауыт кепілдігінде тұрса, онда Клиент барлық регламенттелген ТҚК-дан дайындаушы зауытпен (ресми өкілмен немесе дилермен) авторизацияланған ҚКС-да өтуге міндеттеледі. Клиент ТҚК растайтын барлық тапсырыс-өкімдемелерді, чектерді және өзге де құжаттарды сақтап қоюға және Компанияның немесе Компания Серіктесінің сұрауы бойынша беруге міндетті.

1.3 Егер өзгесі Тексеру актісінде атап өтілмесе, Клиент үшін өз таңдауы бойынша кез келген сертификатталған ҚКС-да жоспарлы ТҚК-дан өту міндетті болып табылады.

1.4 Клиент КҚ жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден әр өткен сайын, Клиент ҚКС-дан тиісті тапсырыс-өкімдемелерді, чектерді және өзге де берілген құжаттарды алуға міндетті.

1.5 Клиент тек тиісті сападағы жанар-жағармай материалдары мен пайдалану сұйықтықтарын қолдануға және отынға, мотор немесе трансмиссия майына қосымша қоспаларды, сондай-ақ КҚ дайындаушысымен ұсынылмаған КҚ қозғалтқышы мен басқа тораптарын іштен тазарту құралдарын қолданбауға міндетті.

1.6 Егер өзгесі таңдалған Бағдарламамен көзделмесе немесе Тексеру актісінде атап өтілмесе, Клиент КҚ-ны (тіпті бір-ақ рет болсын) өзінің әдеттегі мақсатына қайшы келетін немесе онымен көзделмеген мақсатта - уақытқа, жылдамдыққа, өткіштікке сынау үшін, соның ішінде жарыстарда қолданбауға, сондай-ақ КҚ-ны оқу мақсатында, такси немесе коммерциялық көлік ретінде қолданбауға міндетті.

2. Сертификат бойынша жұмыстардың орындалу тәртібі

2.1. Клиентпен таңдалған Бағдарламада көрсетілген КҚ тораптары мен агрегаттарының бұзылу немесе бүліну белгілері пайда болған жағдайда, Клиент 3 (үш) күн ішінде Компания атына Компанияның Клиенттерге қолдау қызметіне Сертификатта көрсетілген телефон бойынша қоңырау шалу арқылы алдын ала өтінім жіберуге міндетті: +7 7273 12 34 48, +7 7172 76 06 16 (тәулік бойы). Егер бұзылу демалыс немесе мереке күндері орын алса, Клиент Клиенттерді қолдау қызметіне бірінші жұмыс күні қайта қоңырау шалуға міндетті.

2.2. Компания Клиенттен алдын ала өтінім алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сертификат бойынша жұмыстардың орындалу негізділігін анықтау мақсатында КҚ-ны диагностика жүргізу үшін авторизацияланған ҚКС-ға жіберуге міндетті. Егер КҚ-ны диагностикаға жіберу мерзімі Компанияға тәуелсіз мән-жайларға байланысты бұзылса, Компания міндетті мерзімінде орындалған болып саналады.

2.3. Компания ҚКС жұмыс кестесі мен бос уақытын ескере отырып, Сертификат бойынша диагностика және жұмыстар жүргізу үшін авторизацияланған ҚКС-ны, күні мен уақытын таңдауды анықтайды және осы ақпаратты Клиентке жеткізеді.

2.4. Егер өзгесі Клиентпен таңдалған Бағдарламада атап өтілмесе, Клиент өз бетінше және өз есебінен КҚ-ны оның бұзылуына диагностика жүргізу орнына жеткізуге және диагностика қызметтерін өзі төлеуге міндетті.

2.5. Компания Шартта көрсетілген жағдайларда Сертификат бойынша жұмыстарды орындаудан бас тартуға құқылы.

2.6. Компания Шартта көрсетілген мән-жайларға қарай Сертификатта көрсетілген жұмыстарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Клиент ҚКС диагностика қызметтерін өзі, өз қаражаты есебінен төлеуге міндетті.

2.7. Компания КҚ диагностикасын жүзеге асырған ҚКС мамандарынан Клиенттің Сертификат бойынша жұмыстар жүргізу құқығын растайтын нәтижелерді алғаннан кейін Клиент КҚ-сы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Компаниямен авторизацияланған ҚКС-ға жіберіледі.

2.8. Сертификат бойынша жұмыстар жүргізу басталмас бұрын Клиент Компанияға тапсырыс-өкімдемелерді, чектерді немесе КҚ майлау сұйықтықтарының уақытылы ауыстырылу фактісін, КҚ-ны Шартпен белгіленген кестеге сәйкес өткенін растайтын өзге де құжаттарды беруге міндетті.

2.9. Мәлімделген инцидент Бағдарлама есебінен өтеледі деп танылу нәтижесінде Клиентпен таңдалған Бағдарлама бойынша КҚ бөлшектерінің бұзылуы немесе бүлінуі орын алған жағдайда, Компаниямен ҚКС-дағы жұмыстар құны өтеледі.

2.10. Сертификат бойынша жұмыстар жүргізу үшін қолданылатын қосалқы бөлшектер жаңа, қалпына келтірілген немесе ауыстырылған, бірақ жөнделген тораптың немесе агрегаттың әрі қарай жұмыс істеуіне қажетті барлық қасиеттерін сақтайтындай болуы мүмкін.

2.11. Осы Талаптар мақсатында, ақаулықты анықтау сәті Компанияның КҚС-дан Клиенттің КҚ-ға жүргізілген диагностика нәтижелері бойынша ресми қорытынды алған күні болып түсіндіріледі, бұл ТҚК өткені туралы соңғы ресми қорытындымен расталады.

2.12. Бағдарламаның әрекет ету кезеңінде КҚ иесі ҚКС-дан КҚ жөндеу мен тұрақты қызмет көрсетуге байланысты алынған барлық құжаттаманы сақтап қоюға, және Компания талабы бойынша беруге міндетті.

3. Офертаның осы қосымшасында келтірілген талаптар Тараптарға да осылай қолданылады, себебі өзгесі Клиент құжаттарын толтырумен көзделмеген.